

**Қазақстан Республикасы азаматтарының паспорттары мен жеке басының куәліктерін айырбастау мен берудің мерзімін ұзарту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 4 желтоқсан N 1235.  
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.07.12. N 1063 қаулысымен. ~P001063

Қазақстан Республикасының халқын жаңа үлгідегі паспорттармен және жеке басының куәліктерімен құжаттаумен толық қамту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан

Республикасындағы паспорт жүйесі туралы ережені бекіту туралы" 1993 жылғы 5 сәуірдегі N 256

P930256\_

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1993 ж., N 10, 124-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Паспорттардың ескі үлгісін Қазақстан Республикасы азаматтарының жаңа үлгідегі паспорттары мен жеке басының куәліктеріне айырбастау 1999 жылдың 1 наурызына дейін аяқталсын".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі